Бекітемін:
Нұра ЖББМ директоры
С.К.Бердешова ____

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және**
**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде**
**2024 - 2025 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**Білім беру ұйымы:** Нұра ЖББМ
**Топ/сынып** мектепалды сыныбы
**Балалардың жасы** 5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі** 2024-2025 оқу жылы желтоқсан айы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| ЖЕЛТОҚСАН | Дене шынықтыру | -нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастырудыжалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау.<br>-балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету;<br>-дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | -балаларға жайлау өлеңініңмазмұнын түсіндіру;<br>-балалардың сөздік қорын дамыту;<br>-дыбыстарды дұрысдыбыстауға үйрету. |
| | Көркем әдебиет | -әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу;<br>-әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету;<br>-әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру;<br>-сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту; |
| | Қазақ тілі | -сыпайылықты білдіретін сөздерменсөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру;<br>-қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды жәнедикцияны дамыту.<br>-Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрысайтуға жаттықтыру. |
| | Сауат ашу негіздері | -сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету;<br>-дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; |

Сканировано с CamScanner

| | | |
|---|---|---|
| | | -дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. |
| | **Математика негіздері** | -көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау;<br>-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. |
| | **Қоршаған ортамен таныстыру** | -жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру;<br>-логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту;<br>-табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. |
| | **Сурет салу** | -балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету,Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;<br>-балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту; -балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;<br>-дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру; |
| | **Мүсіндеу** | -ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик )таныстыру;<br>-белсенділігін, шығармашылығын дамыту;<br>-тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. |
| | **Жапсыру** | -ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту.<br>-бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру;<br>-ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту ;<br>-ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. |
| | **Құрастыру** | -табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету;<br>-табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту;<br>-ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;<br>- ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. |
| | **Музыка** | -музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту;<br>-әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру;<br>-әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. |

Сканировано с CamScanner